

Жаназарова Загира Кожабаетнаның
«Жобалау технологиялары арқылы экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы, 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілдері» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысқа ғылыми жетекшінің

ШІКІРІ

Жаназарова Загира Кожабаетнаның диссертациялық жұмысы қазіргі педагогикалық ғылымның өзекті әрі маңызды мәселесіне арналған. Бұл зерттеу экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында жобалау технологиясы арқылы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін теориялық негіздеу және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған.

Зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесін жаңғыртудың стратегиялық міндеттерімен, жаһандану, цифрлық трансформация және халықаралық білім беру кеңістігінің кеңеюі жағдайында бәсекеге қабілетті педагог кадрларды даярлау қажеттілігімен айқындалады. Шетел тілі мұғалімінің кәсіби қызметіне қойылатын қазіргі талаптар дәстүрлі тілдік дайындық шеңберінен шығып, когнитивтік және кәсіби тілдік сананы меңгерген, коммуникативтік үдерістерді басқара алатын, өзара әрекеттесуді рефлексиялық тұрғыдан талдай білетін және инновациялық білім беру технологияларын тиімді қолдана алатын тілдік тұлғаны қалыптастыруды көздейді.

Диссертациялық зерттеуді орындау барысында ізденуші тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерге терең әрі жан-жақты талдау жүргізген, метакоммуникативтік құзыреттілікті түсінудің отандық және шетелдік ғылыми тәсілдерін зерделеген, оның теориялық негіздері мен болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау жүйесіндегі педагогикалық әлеуетін айқындаған. Диссертант метакоммуникативтік құзыреттілікті экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында білім беру үдерісін ұйымдастырудың тиімді құралы ретінде жобалау технологиялары арқылы қалыптастыруды жүзеге асырады.

Ізденуші метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру болашақ шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлаудың маңызды құрамдас бөлігі екенін сенімді түрде дәлелдейді. Ол мұғалімнің оқу үдерісіндегі коммуникативтік әрекеттерді тиімді басқару қабілетін, экономикалық профильге тән тезаурусты меңгеруін, өнімді өзара әрекеттестікті ұйымдастыруын және білім беру үдерісіндегі коммуникативтік қиындықтардың алдын алуын қамтамасыз етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігінің мәнін теориялық тұрғыдан негіздеумен, оның экономикаға бағдарланған оқыту жағдайындағы мазмұнын

нақтылаумен, сондай-ақ оны қалыптастыру құралы ретінде жобалау технологиясының педагогикалық мүмкіндіктерін ашумен сипатталады.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау әдістемесін дамытуға қосқан үлесімен, метакоммуникативтік құзыреттіліктің құрылымы мен мазмұны туралы ғылыми түсініктерді тереңдетуімен, сондай-ақ оны тілдік кәсіби сана деңгейінде қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздерін әзірлеуімен айқындалады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде, оқу-әдістемелік кешендер, білім беру бағдарламалары, арнайы курстар мен әдістемелік ұсынымдар әзірлеуде қолдану мүмкіндігімен байланысты. Бұл нәтижелер болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісін жетілдіруге, соның ішінде экономикалық салаға бағытталған тезаурустық тереңдетуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Ғылыми жетекшілік барысында Жаназарова Загира Кожабаевна жоғары деңгейдегі дербестік, жауапкершілік, ғылыми адалдық және зерттеушілік бастама көрсетті. Ол ғылыми дереккөздермен жұмыс істеу, теориялық материалды талдау және жалпылау, сондай-ақ алынған білімді тәжірибелік-эксперименттік жұмыста қолдану қабілетін жоғары деңгейде дәлелдеді.

Алынған зерттеу нәтижелері негізделгендігімен, сенімділігімен ерекшеленеді және эксперименттік жұмыс деректерімен расталған. Диссертацияның негізгі қағидалары ғылыми жарияланымдар мен конференциялар арқылы жеткілікті деңгейде апробациядан өткен.

Жалпы алғанда, Жаназарова Загира Кожабаевнаның диссертациялық жұмысы аяқталған, дербес орындалған ғылыми зерттеу болып табылады. Ол жоғары ғылыми-теориялық және әдістемелік деңгейде орындалған, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және қорғауға ұсынылады.

Ғылыми жетекші:
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Т.А. Кульгильдинова

